



ХҒТАР 03.20.00
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-298-315>

Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыс (татар баспасөзі материалдары негізінде)

К.М. Ильясова*¹, А.Ә. Еңсепов², А.Т. Еспенбетова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

^{2,3}Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: kulpush_66@mail.ru, as.1967@mail.ru, espenbetova_a@mail.ru)

Аңдатпа. Мақала XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Түркістан өлкесіндегі халықтардың 1917 жылғы қосөкіметтілік тұсындағы ұлт-азаттық қозғалысын татар баспасөзі негізінде көрсетуге арналған. Мұсылмандық қозғалыста татарлар мен башқұрттар көш ілгері болды. Олар қалыптасқан жаңа саяси жағдайда «Аваз» («Дауыс»), «Безнең юл» («Біздің жол»), «Чулпан» («Таңғы жұлдыз»), «Көрәш» («Күрес»), «Ирек» («Бостандық») секілді мерзімді газет-журналдарын шығарды, көбі большевиктік ұстанымдарды насихаттады. Осылайша, аталған баспасөздерде жергілікті халықтың күнделікті тұрмысы мен әлеуметтік мәселелер назардан тыс қалды. Уақыт өте келе баспасөз таптық қоғамды дәріптеуге көшті. Ташкент қаласындағы баспалардан жарық көрген татар тіліндегі газет-журналдар мен төте жазумен шыққан «Бірлік туы», «Алаш» сияқты ұлттық мерзімді басылымдардағы материалдардың мазмұны бір-біріне ұқсас болды. Баспасөз беттерінде Түркістан өлкесіндегі мұсылман халықтары, олардың азаттық пен еркіндік жолындағы күресі, жетекшілерінің қоғамдық-саяси қызметі туралы мәселелер қамтылды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын күштеп таратқан большевиктер елдің түкпір-түкпірінде кеңестік билікті орнатты. Бұл жағдай Еділ мен Жайық өңірін де айналып өтпеді. Соған байланысты елдің батыс аймағындағы ұлттық-демократиялық басылымдар жабыла бастайды. Мысалы, Орынбор қаласынан шыққын «Вақыт» газеті 1918 жылдың басында өз жұмысын тоқтатты. Көп ұзамай «Кояш», «Тормыш», «Йолдыз» секілді басылымдар жабылып қалады. Олардың орнын «Чулпан» газеті сияқты социал-демократиялық бағыттағы газеттер басты. Басқаша айтқанда, ұлттық баспасөз қысымға ұшырап, большевиктік газеттер қаптап кетті. «Чулпан» газеті 1918 жылдың көктемінде Халық комиссарлар советінің Татар-Башқұрт советтік республикасы туралы шешім қабылдағанын, ендігі жерде Г. Исхаки сияқты

Түсті: 12.12.2024; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

ұлт қайраткерлерінің ұлттық автономия құру жолындағы әрекетін бос әурешілік деп көрсетіп, бұдан Шығыстағы басқа да халықтар тәлім алуы тиістігін жарнамалады.

Түркістан өлкесіндегі түркі-мұсылман халықтарының қоғамдық-саяси өмірін көрсететін татар баспасөз материалдарына сүйенсек, бұл өлкедегі жағдайдың күрделі болғаны және қазан төңкерісі нәтижесінде Ресей империясының күйреуі, одан кейін бүкіл елде күштеуге негізделген бір партиялық жүйенің орнай бастауы, большевиктердің ұлттардың өзін-өзі билеуін қамтамасыз ету жөніндегі уәдесі ұлттық автономияларын құруға ұмтылған саяси күштердің алдында тұрған тосқауылды жеңуге мүмкіндіктер жасағандай болады. Алайда, кейінгі оқиғалар көрсеткендей большевиктер билігі халықтың еркі мен мүддесіне қызмет еткен түркі тілдес халықтардың баспасөздерін жойып, орнына таптық қоғам құруды және партиялық органдарды үгіттейтін газет-журналдарды шығаруға кірісті.

Мақалада дерек көздері ретінде өткен ғасырдың басындағы татар тілінде жарияланған газеттердегі мақалалар және жалпы түркі-мұсылман қозғалысы туралы жазған зерттеушілердің еңбектері қолданылды.

Түйін сөздер: татар баспасөзі, ұлт-азаттық қозғалыс, мұсылмандар, Түркістан, революция, большевиктер, советтер, Құрылтай жиналысы, съездер

Кіріспе

1917 жылғы ақпан революциясы жеңісінен кейін Ресейдің шеткергі аймақтарындағы түркі-мұсылман халықтары Уақытша үкіметтің ұстанымын қолдады. Өйткені, Уақытша үкімет «сөз бостандығы», «баспасөз бостандығы», «съезд шақыру» сияқты демократиялық бастамаларды көтерді. Бұл жағдай өзге ұлттардың өз автономиясын алуға жол ашты. Бұл кезеңде түркі халықтарының талап-тілектерін заңдық түрде бекітуге тиіс бірден-бір демократиялық және құқықтық құзырлы мекеме - Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы болды. Қоса кетерлігі, бастапқыда мұсылман халықтарының Уақытша үкіметтің ұстанымын жақтауының басты себебі, осы үкіметтің «Барлық билік Құрылтай жиналысына берілсін!» деген ұранын көтеруінен еді. Алайда, кейінгі оқиғалар көрсеткендей қарулы көтеріліс арқылы билікті өз қолына алған большевиктер Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын таратып жібереді. Бұл жағдай татар тілінде шығып тұрған «Кояш», «Тормыш», «Вақыт», «Йолдыз», «Улуг Туркестан» және басқа да ұлттық-демократиялық бағыттағы баспасөздер үшін күтпеген жағдай еді. Сондықтан, татар баспасөзі жалпы түркі-мұсылман халықтарының совет үкіметін қолдамайтынын жариялады. Мұндай мәлімдемелер ұлттық-демократиялық бағыттағы баспасөздердің барлығына тән болды.

Солардың арасында 1906-1918 жылдары Орынбордан шығып тұрған «Вақыт» (Уақыт) газетін ерекше атауға болады. Онда сол кезеңдегі қоғамдық-саяси оқиғалар туралы маңызды ақпараттар жазылды. Мысалы, Ресей Мемлекеттік Думасындағы Мұсылман

фракциясы депутаттарының қызметі, татарлардың экономикалық сауаттылығы, олардың кәсіби білім деңгейін көтеруге қатысты мазмұнды мақалалар жарияланды. Бірақ, қоса кетерлігі тілмен әдебиет, театр мен музыка, білім және ғылым, наным-сенімдер мен дін ісі, татар әйелдердің отбасы мен қоғамдағы рөлі туралы тақырыптар сыналды. Сонымен бірге татар зиялыларының оқу-ағартушылық қызметі, татар әліпбиі және оны жетілдіру, мұражайлар ашу, татар баспасөзінде әдеби қосымшалар ұйымдастыру да қамтылды. Әсіресе, заман ағымына сәйкес еуропалық білім алудың маңыздылығы, ұлттық кадрларды даярлау мәселесіне көңіл бөлінді. Татар баспасөзі жастарды орыс тілін игеруге шақырды, оларды болашақта өзін-өзі басқару мекемелеріне тарту мәселесі, оқу-білім беру мәселелеріне қатысты мұғалімдер съездерін шақыру туралы жазды [1]. Сондай-ақ «Вакыт» газеті ұлттық және діни мәселелер бойынша татар тілінде шығатын барлық мерзімді баспасөздің үніне айналды, бірқатар басылымдар жариялауға батылы бармайтын өткір тақырыптарды көтерді.

Нақ осы бағытты ұстанған «Улуг Туркестан» газеті татар және өзбек тілдерінде 1917 жылдың сәуірі мен 1918 жылдың наурызы аралығында Ташкент қаласында шығып тұрған. Оның шығарушысы және редакторы К.Бакиров болды. Бұл газет 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін қалыптасқан саяси жағдайда Түркістан өлкесіндегі халықтарды белсенділік танытып, өзін-өзі билеуге қол жеткізуге шақырды. Басылым беттерінде Түркістан өткен мұсылмандардың съездері және олардың қабылдаған қаулы-қарарлары мен шешімдері, өлкедегі маңызды қоғамдық-саяси оқиғалар жарияланды. Түркістан автономиясын жақтады, жергілікті халықты оған қолдау көрсетуге шақырды. Большевиктердің қарудың күшімен билікке келуін айыптады. Ақырында «Улуг Туркестан» газеті советтік биліктің қысымымен жабылып қалады [2, 662 б.]

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақаланы жазуда деректік материалдарды жинақтау, жүйелеу, талдау, сараптаумен қатар абстрактілік, проблемалық, тарихи-салыстырмалы әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Тәуелсіздік кезеңінде тарих саласы бойынша ғылыми айналымға енген құжаттар мен материалдар, ғылыми басылымдар, монографиялар, зерттеу мақалалары жүйеленіп, ізденіс жұмысы құрылымдық-тұжырымдамалық талдау әдісімен жазылды. Өткен ғасырдың басындағы Ресейдегі мұсылмандық қозғалысы мен оның құрамдас бір бөлігіне айналған Түркістан өлкесіндегі мұсылман халықтардың ұлт-азаттық жолындағы күресін мерзімді татар баспасөзі арқылы саралауға талпыныс жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Улуг Туркестан» газетінде Түркістан халықтарына таптық жіктелуден гөрі ұлттық бірлік пен тұтастықты сақтай отырып, ең алдымен отаршылдық шырмауынан босап, дамыған елдер қатарына қосылуы керектігі, қарудың күшімен билікке келген совет үкіметін түркістандықтардың мойындамайтыны ашық түрде мәлімделді [3]. «Улуг Туркестан» газетінің жаңадан орнаған совет өкіметіне байланысты бұл ұстанымының

дұрыс болғанын Г. Сафаровтың РК(б)П X съезінде сөйлеген сөзінен байқауға болады: «Қазан төңкерісі кенеттен түскен найзағайдай болды... Социалистік төңкеріске қала жұмысшысы дайын болғанымен, шет аймақтардағы ауылдар әлі де ұлт азаттығын алмаған еді, олар Ресей самодержавиясының езгісін орыс шаруалары мен орыс деревнясына қарағанда анағұрлым көп көрген» [4, 65 б.].

Татар баспасөзінде большевиктердің ұстанымын мұсылман халықтарының қабылдай алмайтыны туралы жиі-жиі жазылды. Мысалы, көрнекті татар қайраткері Ф. Туктаров «Ресейдің барлық мұсылмандарының байлары да, кедейлері де революционер. Бірақ, олар таптық мүддені бірінші кезекке қоймайды. Олардың қайсысы болса да таптық мүдде үшін күресетін болса, онда ұлттық бірлікке зиянын тигізер еді» [5] – деп жазды.

Түркістан өлкесіндегі саяси күштердің ара салмағының түбегейлі өзгеруі, биліктің советтердің қолына көшуіне жол ашты. Осыған байланысты социал-демократиялық бағыттағы «Ирек», «Көрәш», «Безнең юл», «Аваз», «Чулпан» сияқты татар басылымдары большевиктердің «Ресей халықтары құқықтарының декларациясын», советтердің «Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне!» атты үндеуді насихаттайды. «Халықтық газет» деп мойындалған «Ирек» газеті алғашқы санында: «Біз, халықтың атынан сөйлейміз. Біз, олардың тілегін бүкіл әлемге таратамыз. Біз, олар үшін жанымызды аямай күресеміз» – деп мәлімдеді [6]. Сондай-ақ, мұсылман халықтарының арасында таптық жіктеліс идеясын насихаттап, бұқараның «ақ халық» және «қара халық» деп екіге бөлінетінін, олардың бірі екіншісінің мүддесі үшін күресе алмайтынын көрсетіп берді [7]. Бұл газет 1917 жылдың 30 наурызынан 11 қыркүйегіне дейінгі аралықта Уфа қаласынан шыққан. 35 нөмірі жарық көрген, онда мемлекеттің федеративтік құрылыс, мәдени-ұлттық автономия идеялары насихатталды, Бүкілресейлік мұсылман съезінің жұмысы туралы мақалалар жарияланды. Сол сияқты аграрлық және жұмысшы секцияларының жұмысына көңіл бөлді. Газеттың редакциялық алқасы «Милли Шура», «Милли Идаре» ұйымдарын ұлттық ұйым ретінде мойындады. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей, аталған басылым 1917 жылдың қыркүйек айында «Солдат теляге» және «Авыл халқы» газеттерімен біріктіріледі [8].

Қазан қаласында М.Вахитов бастаған социал-революционерлер 1917 жылдың қыркүйек айында Мұсылмандардың социалистік комитетін құрады. Олар тек татарлар емес, өзге де мұсылман халықтарының арасындағы таптық жіктелісті, үстем тап өкілдеріне қарсы күрес тақырыптарын насихаттады. Осы ұйымның органы болған «Қызыл байрақ» газетінде М. Вахитов «Қызыл туды сақтаңдар!» деген мақаласын жариялайды. Ол «Жұмысшы және шаруа жолдастар! Буржуазияның жауыз жандайшаптары революция жалынын сөндіргісі келеді. Оларды тыңдамаңдар, қызыл тудың идеясына қызмет етіңдер» – деп ашық жазды [9].

«Революция – жұмысшылар мен шаруалардың және солдаттардың күресінің нәтижесінде жеңіске жетті. Олардың бірлігі революцияны одан әрі дамытты. Революция түпкілікті мақсатына жұмысшылар мен шаруалардың және солдаттардың бірлескен күресімен іске асырылды. Соның арқасында елдегі халықтар толық бостандық алып, федерацияға, территориялық автономияға қол жеткізбек» [10], – деген уфалық Г. Ибрагимов большевиктердің таптық күрес идеясын жақтады және большевиктер

партиясының құрамына мүшелікке өткен. Автордың бұл көзқарасына Уфа мен Қазан қаласында топтасқан ұлттық-демократиялық күштер қарсылық білдірді. Ақырында «Безнең юл» газеті төңірегіне шоғырланған Г.Ибрагимов пен Ф.Сайфи-Казанлы және тағы басқа татар большевиктері редакциялық басқармадан шығып кетеді. Осы жағдайдан кейін аталған татар баспасөзі саясатта бейтарап қалады да, таптық күрес идеясын насихаттаудан бас тартады. Бірақ, оның бейтарап ұстанымы ұзаққа созылмайды. Уфада большевиктер билігі орнағаннан кейін «Безнең юл» газеті өз жұмысын тоқтатты [11].

Осы жылдары Қазан қаласында Ш.Ахмадиев пен Х.Гайнуллиннің редакторлығымен татар тілінде «Аваз» газеті жарық көрді. Онда басылған «Кім кім үшін талпынады» деген мақалада «Уақытша үкімет байларды қорғаса, солдат және жұмысшы депутаттар кеңесі – еңбекші бұқараның тірегі» [12], – делінген. Бұл баспасөздің социал-демократиялық бағытын көрсетеді. Сондай-ақ, газет «Ресей халықтары құқықтарының декларациясын» жариялап, жергілікті халқын советтік билікті қолдауға шақырды [13]. Бұл газет 1917 жылдың 8 сәуірінен 24 желтоқсанына дейінгі аралықта Қазан қаласынан шыққан. Оның 37 нөмірі «Умид» баспаханасында басылды. Мұнда елдегі және шетелдегі саяси ахуал, қалалық мекемелер мен жергілікті земствоға сайлау мәселелері көтеріліп, жер мәселесі өткір талқыланды. Сонымен қатар социализмді әлемдік деңгейде бекіту идеялары да насихатталды. Газеттің «Әлем жаңалықтары», «Ел жаңалықтары», «Қазан қаласында» және т. б. айдарлары оқырмандардың назарын аударды [14, 29 б.].

Қазан төңкерісінен кейінгі Түркістан өлкесі мен далалық облыстарда тұратын қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі мен саяси белсенділігі туралы мағлұматтар ұлттық-демократиялық басылымдарда көрініс тауып отырды. Мысалы, жергілікті басылымдар Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың Орталық кеңесі бүкіл аймақтағы қоғамдық-саяси ұйымдар мен жергілікті билік мекемелерін Петроградтағы большевиктер билігіне наразылық білдіруге, Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетуге, қажет болған жағдайда күш қолдануға үндеді [15].

Бұл үндеудің жауапсыз қалмағанын «Улуг Туркестан» газетінен көруге болады. Оның 8 желтоқсандағы санында Жетісу облысында арнайы іс-сапармен жүрген Түкістан комитетінің өкілі О. Шкапскийдің Пржевальск, Пішпек, Лепсі, Жаркент уездерінің тұрғындарының большевиктердің билікті күштеп тартып алуына наразылығы туралы жеделхаты жарияланады [15].

Петроградтағы төңкерістің нәтижесінде орталық билік Уақытша үкіметтен большевиктер қолына көшті. Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың Орталық кеңесі мен өзге де мұсылмандық қоғамдық-саяси ұйымдардың қарым-қатынасын өлкедегі басқа саяси ұйымдардың қолдап отырған. Мысалы, аталған газеттің 2 қарашадағы санында Ташкент қаласында өткен Түркістандағы орыс шаруаларының съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын күтпестен, барлық билікті жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кеңесінің тартып алуын айыптаған қарардың шыққанын жазды [15].

1917 жылдың 27 қазанында Ташкентке Петроградтағы Уақытша үкіметтің құлатылғаны туралы хабар жетеді. Соған орай тез арада қалалық кеңес өлкедегі әскери басшылардың қатысуымен мәжіліс өткізеді. Онда мұнда қарулы көтеріліс ұйымдастыру

туралы шешім қабылданады, сәйкесінше Уақытша үкіметтің жергілікті басқару мекемелерін жою мақсатында іс-шаралар жасалады. Бұдан шығатын қорытынды, Түркістан өлкесінде советтік биліктің орнауы қарудың күшімен орындалған.

Сырдария және Жетісу облыстарын қамтыған Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси жағдай өте күрделі болды. Қазан төңкерісінің нәтижесінде бұрынғы Ресей мемлекетінің күйреуі, оның орнына зорлық-зомбылыққа негізделген жаңа саяси жүйенің қалыптасуы, билікке келген большевиктердің ұлттардың өзін-өзі басқаруы туралы уәдесі, империяның шеткергі аймақтарында ұлттық автономияларын құруды көздеген саяси күштердің алдарындағы кедергілерді жеңіп шығуға мүмкіндіктер туғызғандай болып көрінді [16, 139 б.].

Татар баспасөзінде қазақ ұлттық саяси өкілдерінің арасында С. Лапиннің 1917 жылдың 18 қарашасында өткен Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінде сөйлеген сөзі де саяси маңызы бар ақпарат ретінде жарияланды [17].

1917 жылдың 15 қарашасында Ташкентте болған Түркістан өлкесі кеңестерінің III съезінде жергілікті билікті ұйымдастыруға байланысты ондағы қызметкерлердің төрттен үш бөлігі мұсылман өкілдерінен болуы керектігін талап еткен С. Лапин мынадай мәлімдеме жасайды. Онда «мұсылмандардың билікке деген көзқарасын Құран мен шарифат арқылы айқын көруге болады. Сол себепті мұсылмандар бірде-бір орыс саяси партиясына қосыла алмайды. Бірақ, олар Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына жол сілтей отырып, барлық халықтық ұйымдарға сүйенетін биліктің болуын қолдайды. Мұсылмандар орыс революциясының өзін-өзі басқару туралы уәдесіне сенім артады», – делінген [15].

Түркістан өлкесі кеңестерінің III съезі советтік билік орнағаннан кейін Түркістан Халық комиссарлар кеңесінің құрылып, өлкедегі билік соның қолына көшетінін мәлімдеген болатын. Бірақ 14 адамнан тұратын бұл үкіметтің құрамында жергілікті мұсылман халықтарынан бірде-бір өкіл болмай шықты. Бұдан іс жүзінде жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындамауы, билікке келген жаңа басшылардың ұлы державалық шовинистік көзқарасы анық байқалды [18, 341 б.]. Құрамы толығымен орыстар мен еврейлерден тұратын Халық комиссарлар кеңесі жариялаған Үндеудегі «еңбекші бұқараны біріктіруді жеделдету үшін совет мұсылман еңбекшілері арасында азаттық, теңдік, туыстық идеяларын таратуға барлық іс-шараларды жасайды» деген сөздер бұлыңғыр уәде күйінде қалды [19, 124 б.].

Қазан төңкерісінің нәтижесінде большевиктердің билікті қарумен тартып алуы ұлттық демократиялық күштердің күрес тактикасын өзгертуіне алып келді. Ол енді жаңа билікке қатынасын айқындап алып, шұғыл түрде нақты әрекет етуге көшті [20, 188 б.].

Баспасөз беттерінде түркістандық ұлттық саяси элита өкілдерінің мақсатты әрекетке көшіп, барлық бастаманы Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі өз қолына алғаны, осы кеңестің ұйымдастыруымен 1917 жылдың 26 қарашасында Қоқанда Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV съезі шақырылғаны жайлы мәліметтер берілді. «Улуг Туркестан» газетінің 8 желтоқсандағы санында «Қоқандағы халық кеңесі» [21] және 13 желтоқсандағы санында «Түркістан автономиясы» деп аталатын мақалаларда оқиғалар желісі егжей-тегжейлі жазылды [22].

«Қоқандағы халық кеңесі» деп аталатын мақалада 1917 жылғы 26-28 қарашада Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың орталық кеңесінің ұйымдастыруымен Қоқан қаласында өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV съезі, оған Сырдария, Самарқан, Ферғана облыстарынан және Бұқар әмірлігінен 203 өкіл қатынасқаны, сондай-ақ съездің күн тәртібіне Түркістандағы саяси ахуал мәселесі қойылғаны, жалпы съезд жұмысының барысы туралы мәліметтер толық берілген.

Татар баспасөзіндегі деректік материалдарға сүйенетін болсақ, Қоқан қаласында өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV съезінің төралқасы құрамына М. Шоқай, М. Тынышбаев, У. Ходжаев, Ю. Агаев, С. Ақаев, О. Махмұдов, Ш. Шагиахмедов сияқты қайраткерлер болған. Съезд делегаттары өлкелік кеңестердің барлық билікті өз қолдарына алуға деген әрекетін жергілікті халықтың құқығын таптау деп бағалайды. Олар Түркістан өлкесін Ресей Федеративті Республикасы құрамындағы автономия болуын жақтады. Съездің шешіміне сәйкес өлкелік Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін барлық билік Түркістан Уақытша кеңесі мен Түркістан Ұлттық кеңесінің қолына берілетін болды. Съезд «Түркістан Ұлттық кеңесінің құрамына 54 адам енгізілсін» деген шешім қабылдайды [21].

«Улуг Туркестан» газетінің 13 желтоқсандағы санында Ұлттық кеңестің құрамындағы адамдардың тізімі жарияланды. Олар: У.Ходжаев, М.Шоқай, Т.Нарботабеков, С.Шарифходжаев, Қ.Қожықов, И.Убайдуллин, С.Миржалилов, С.Жапарбай, И.Шагиахмедов, Ә.Оразаев, Ю.Агаев, Н.Камалхантөреев, М.Мырзахметов, Т.Әшірхожаев, А.Қошбегиев, О.Махмұдов, Ж.Қорабеков, С.А.Герцфельд, А.Абдусалимов, У.Дербісалин, М.Акчурин, М.Мансуров, М.Бехбуди, И.Долшин, М.Тынышбаев, Х.Ширинский, Т.Мұсабаев, А.Шәкірхантөреев, С.Жүсіпов, Ә.Омаров болды [22]. Татар баспасөзі Ұлттық кеңеске ұсынылған үміткерлердің қатарына бастапқы кезде «Шуро-и-улема» ұйымының жетекшісі С.Лапиннің де болғанын, бірақ оның бұл тізімнен бас тартқанын хабарлайды [22]. Әрине, бұл жағдай «Шуро-и-улема» ұйымының Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың Орталық кеңесінің шақырған съездің шешімдерін қолдамағанын аңғартады. Шын мәнісінде, «Шуро-и-улема» ұйымы Түркістан автономиясына шартты түрде ғана қолдау білдірген [19, 133 б.].

Съездің шешімі бойынша Түркістан Ұлттық кеңесіне пошта-телеграф ұйымынан, социал-демократиялық партиясынан, жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінен, кооперативтік ұйымдардан, еуропалық нәсілдегі халықтардан, армяндардың «Дашнак-цютун» ұйымынан бір-бір өкілден енгізу ұсынылды [22]. Бұдан Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың съезі жергілікті халықтың дербес мемлекеттік құрылым құруды мақсат етпегені, қайта оның неғұрлым демократиялық сипатта болуын қолдағанын көруге болады. Қазіргі кезде баспасөз беттеріндегі Түркістан автономиясының (мұхтарияты) маңызын төмендету мақсатында «Қоқан автономиясы», «капиталистер мен исламшылдар құрылымы» деген байбаламның негізсіздігі айқындалды [19, 133 б.]

Келесі «Түркістан автономиясы» деген мақалада Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV съезінде талқыланған маңызды мәселелердің бірі «Оңтүстік-шығыс одағына» қатынас мәселесі болды. Онда бұл одақтың 1917 жылдың 2 қарашасында Дон казактарының бастамасымен большевиктерге қарсы күресу мақсатында Владикавказда құрылғаны айтылады. Съезд делегаттары Қырым, Әзербайжан үкіметтерімен және

Украинаның Орталық Радасымен байланыс орнатып үлгерген «Оңтүстік-шығыс одағына» («Казак әскерлері, кавказдықтар мен ерікті дала халықтарының Оңтүстік-шығыс одағы») Түркістан халықтарының қатынасын талқылап, нақты шешімді қабылдауды шақырылуы тиіс Түркістан өлкесінің Құрылтай жиналысына қалдырады [22].

Басылым Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV съезінде Ташкент қаласындағы большевиктердің жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылығына қарсы шаралар қолдану мәселесінде қамтыған. Айталық, «съезде Ташкенттегі большевиктердің бұзақылық әрекеттерін қарастыру қызу талқыланды... Осыған қатысты сөз алғандардың көбісі большевиктердің Ташкент қаласында тінтужұмыстарын жүргізуі, мұсылмандарды негізсіз тұтқындауы күнделікті өмірде болып жатқанын жеткізген. Оған әртүрлі мысалдар келтірілген. Олар 1917 жылдың ақпан айында жарияланған «жеке адамдардың құқығына қол сұғуға болмайды» деген қағиданың өрескел бұзылғанын жеткізді. Осы түйткілді мәселелерге орай съезд «Ташкент большевиктері тұтқындаған адамдарды тез арада босатуы тиіс және большевиктер сөз бостандығына кедергі жасамасын» деген қарар қабылдайды [22].

Татар баспасөзі Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі құрылғаннан кейін, оның мүшелері қол қойған Үндеуді жариялады. Оған қол қойғандардың ішінде М. Тынышбаев, М. Шоқай, У. Ходжаев, Ю. Агаев, О. Махмудов, Ә. Оразаев, Ш. Шагиахмедов, С. Герцфельд болған. Түркістан автономиясын басқаратын үкімет іске кіріскен және ол күллі мұсылман халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен. Үндеуде «Бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біздің алдымызда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Аллаһтың ризашылығымен өз жұмысымызға кірістік» [22] - делінген.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесінде де қосөкіметтілік орнады, оның бірі Ташкенттегі большевиктер құрған Түркістан Халық комиссарлары кеңесі, екіншісі ұлттық демократиялық күштің ықпалымен құрылған Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі болды. Халық комиссарлар кеңесі Түркістан өлкесінде сан жағынан азшылықты құрайтын ресейлік қоныс аударушылардың мүддесін көздеп, солардың жағдайын жақсартуға тырысты. Ал екінші тараптағы үкімет жергілікті халықтың мүддесін қорғап, жалпы түркістандық мұсылмандардың талап-тілектерін орындауға ат салысты.

«Улуг Туркестан» газетінде басылған «Әндіжанда автономияны қолдаушылық» [23], «Митинг» [24], «Ташкентте автономияны қолдаушылық» [25], «Мұсылман жұмысшылары мен диқандарының съезі» [26], «Түркістан үкіметіне жеделхат» [27] деп аталатын мақалаларда Түркістан автономиясының құрылуы жергілікті халықтың көңілінен шыққанын, оған қолдау танытып, митингілер ұйымдастырғаны, үкімет атына құттықтау жеделхаттар жолдағаны туралы ақпараттар берілген. Айталық, 1917 жылдың 30 қарашасында Қоқан қаласының тұрғындары, 3 желтоқсанда Әндіжан қаласының адамдары, 12 желтоқсанда Ташкент қаласындағы мұсылмандар «Жасасын Түркістан автономиясы!» деген ұранмен демонстрацияларға шыққан. 25 желтоқсанда Қоқан қаласында өткен мұсылман жұмысшылары мен диқаншылардың съезінде Түркістан

автономиясын қолдау туралы шешім қабылданған. Шымкент қаласының тұрғындары, еврейлердің Ташкенттегі «Бунд» және Қоқандағы «Вайнер» қоғамы, сондай-ақ Закаспий облысы мұсылмандарының съезінде Түркістан автономиясының құрылуына байланысты құттықтау жеделхаттары жарияланады. Ташкенттегі түркістандықтардың демонстрацияларына қатысты тарихи деректер мен айғақтар К.Л. Есмағамбетовтің еңбегінде көп кездеседі. Онда «1917 жылдың 3,13 желтоқсан күндері Ташкентте Түркістан мұхтариятын жақтаған демонстрациялардың өткені, шеруге Ташкент «Улемасы», сонымен бірге еуропалықтардың да қатысқаны, демонстранттардың үштен екісін жергілікті халық құраса, үштен бірін еуропалықтар құрағаны, көмекке аттылы «қырғыздардың» да (қазақтардың да) келгені туралы жазылған. Сондай-ақ, Ирандағы француз әскери миссиясының 1919 жылдың 3 қазанындағы құпия хабарында көрсетілгендей, шеруге шыққандар Ташкенттің орыс бөлігіндегі түрмеге шабуыл жасалғаны, онда большевиктер қамауда ұстап отырған саяси тұтқындардың босатылғаны, орыс солдаттарының демонстранттарға оқ жаудырып, он алты адамның қаза тапқаны, бұл қайғылы оқиғаға байланысты «Улуг Туркестан», «Бірлік туы», «Ишчилар дунясы» газеттерінде жазылғаны, оның арандатушылық сипаты болғаны айтылған» [19, 135 б.].

«Улуг Туркестан» газетінде Түркістан автономиясы құрылғаннан кейінгі оқиғалар, әсіресе С.Лапин басқаратын «Шуро-и-улема» ұйымының саяси ұстанымына қатысты мәліметтер берілген. Мысалы, «Қойлықтағы мұсылмандар съезі» атты мақалада көрсетілгендей, 1918 жылдың 11 қаңтарында Ташкент қаласының маңында Ташкент уезі мұсылмандарының съезі шақырылып, оған қатысқан өкілдердің ішінде «Шуро-и-улема» ұйымының мүшелері болған, съездің күн тәртібінде Түркістан автономиясын қолдау, уезд тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері талқыланған. Бір қызығы, «Шуро-и-улема» ұйымы мүшелері Түркістан автономиясын қолдамайтындарын ашық айтқан [28]. Осы сарындас мәліметтер «Бірлік туы» газетінің 18 қаңтардағы санында шыққан «Ташкент уезіндегі мұсылмандар съезі» [29] атты мақалада да айтылған. «Улуг Туркестан» мен «Бірлік туы» газеттеріндегі бұл мәліметтер «Шуро-и-улема» ұйымының Түркістан автономиясын қолдамағанын, яғни советтік билік жағына шыққанын көруге болады.

«Ташкент Думасында. Большевиктерден кейінгі мәліметтер» деп аталатын мақалада 1917 жылдың 6 желтоқсанында Ташкент қалалық Думасында өткен мәжілісте социал-революционерлер мен большевиктер арасында Түркістан автономиясына қатысты қызу пікірталас болғаны айтылған. Бұл мәжілісте социал-революционерлер Түркістан автономиясын қолдауға, мүмкіндігіне қарай көмек ұйымдастыруға шақырды. Олар Түркістан автономиясы халықтың талап-тілегінен туындаған деген пікірлерін алға тартты. Ал большевиктер бұл пікірге үзілді-кесілді қарсы шыққан [30]. Осылайша «Улуг Туркестан» газеті арқылы жергілікті халықтың қалауымен пайда болған мемлекеттік құрылымдарға советтік биліктің қатынасын айқын көруге болады.

Татар баспасөзінде 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінде құрылған Алашорда үкіметі туралы ақпараттар көптеп кездеседі. Алайда, аталған басылым жалпықазақ съезінің өту барысы, съездің

шешімдері мен қаулы-қарарларына қатысты мәселелерді толық ашып көрсетпейді. Мысалы, «Вақыт» газетінің 1918 жылдың 21 қаңтардағы санында «Орынбор, 20 қаңтар» атты хабарламалар тізімінде Алашорда үкіметі құрылуы, оның төрағасы болған Ә. Бөкейхан туралы және бұл үкіметтің құрамында М.Шоқай, У. Танашев, Х. Досмұхамедов, А.Тұрлыбаев, А. Бірімжанов, Х. Ғаббасов және С. Аманжоловтың бар екенін атап кетеді. Бұл ақпаратты «Қазақ» газетінің 18 қаңтардағы санына сілтеме жасай отырып берген [31]. Қоса кетерлігі, «Қазақ» газетінің осы санындағы «Жалпы қазақ-қырғыз съезі» атты мақалада Екінші жалпықазақ съезінің жұмысы, қабылдаған шешімдер туралы мәліметтер толық жазылған [32].

Алашорда үкіметінің құрылуы хақында «Улуг Туркестан» газетінің 1918 жылдың 17 қаңтардағы санында шыққан «Түркістанда Сырдария облысы қазақтарының съезі» деген мақалада егжей-тегжейлі айтылған. Онда Екінші жалпықазақ съезінің шешімімен құрылған Алашорда үкіметінің атынан Түркістанда өтетін Сырдария облысы қазақтарының съезіне Астраханнан Б. Құлманов, Торғайдан М. Дулатов, Семейден Т.Құнанбаевтың келгенін, олардың мақсаты Сырдария облысының қазақтарын Алаш автономиясына қосу болғанын айта келіп, Сырдария облысы қазақтарының Түркістан автономиясы құрамынан шығып кетуіне де алаңдаушылық байқалады [33].

«Улуг Туркестан» газетінде көтерілген маңызды тақырыптардың бірі - Сырдария облысы қазақтарының съезін өткізуге байланысты болды. Бұл съезді шақыру ұсыныс Ә. Бөкейхан мен М. Шоқай тарапынан қозғалды. Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінде қабылданған қаулыға сәйкес іске асырылды. Онда «1) Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл алашқа қосып алады, қосып алса, алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді. 2) Бір айда Түркістан қазағын Алашқа қосып ала алмаса, өз алдына ресми иғлан етуге ерікті. 3) Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса һәм қалған Алашқа автономия иғлан етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді. 4) Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан қылу ықтияры Алашордаға берілсін» [19, 138 б.] - деп көрсетілген еді.

«Улуг Туркестан» газеті Алашорда үкіметінің атынан Сырдария облысына арнайы келген қазақ зиялыларының бұл әрекетін, олар «түркістандық қазақтарды Түркістан автономиясынан бөліп алып кетпекші» деп бағалады. Десек те, 1918 жылдың 6-9 қаңтар аралығында Түркістан қаласында өткен Сырдария облыстық қазақ съезінің қандай шешімдер қабылдағанын айқын көрсетеді. Сырдария облысы қазақтарының 1918 жылғы съезі туралы материал «Бірлік туы» газетінің 18 қаңтардағы санында «Сырдария қазақтарының съезі» деген атаумен жарық көреді [34]. «Улуг Туркестан» газеті 29 қаңтардағы санында «Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-қырғызының съезі» [35] деген атаумен жариялайды. Қоса кетерлігі, «Улуг Туркестан» және «Бірлік туы» газеттерінде шыққан мақалаларда Сырдария облыстық қазақ съезінің өту барысы, шешімдері туралы пікірлер мен көзқарастар үндеседі. Бұл съезге Сырдария облысынан 79 өкіл қатысқан, олардың ішінде Ақмешіт уезінен 5 өкіл, Шымкент уезінен 10 өкіл, Әулиеата уезінен 10 өкіл, Ташкент уезінен 9 өкіл, Алашорда үкіметінен 3 өкіл, арнайы шақырылған 14 өкіл болған және съездің күн тәртібіне Сырдария облысы қазақтарының Алаш автономиясына қосылу-қосылмау мәселесі, Түркістан автономиясының Уақытша кеңесіне мүшелер сайлау, милиция құру және басқа да өзекті мәселелер қойылған.

«Улуг Туркестан» газеті Сырдария облысы қазақтарының Алаш автономиясына қосылу-қосылмау мәселесін талқылау барысында М.Дулатовтың «Алаш автономиясы жарияланғанша Сырдария облысы Түркістан автономиясының құрамында тұрсын, Алаш автономиясы жарияланған кезде Сырдария облысы Алаш облыстарының бірі болып саналсын, Алаш автономиясының астанасы Түркістан қаласы болсын және Алашорда мен Түркістан автономиясы өзара одақ болсын» деген ұсынысын делегаттардың 10-ы қолдап, 38-і қарсы дауыс бергені, 8 дауыс қалыс қалғаны туралы біраз ақпараттар беріліп, ақырында қабылданған қаулының толық нұсқасы жарияланады. Олар: «1) Сырдария облысы осы күні тегіс Түркістан автономиясында болғандықтан әзірге Түркістан автономиясында болсын. 2) Алаш автономиясы жария етілгенше Түркістанмен одақ болса, Сырдария қазақтары сол күннен бастап Алаш автономиясына қосылады. 3) Сырдария уәлаяты қазақтары Алаш автономиясына қосылған жағдайда оның астанасы Түркістан қаласы болсын. 4) Алаш автономиясына Сырдария уәлаяты қосылғаннан кейін Түркістан Құрылтайына сайланған өкілдер Алаш Құрылтайына да өкіл болсын. 5) Съезде қабылданған қаулыларды Түркістан Құрылтайына сайланған өкілдер басшылыққа алатын болсын» [33].

Алашорда үкіметінің түркістандық және далалық облыстардағы қазақтарды бір автономияға біріктіруге талпынысын «Улуг Туркестан» газетіне шыққан Сырдария облысы қазақтарының съезінде қабылдаған шешімнен айқын көруге болады. Бірақ бұл съезд Түркістан өлкесінде тұратын қазақтардың Алаш автономиясына қосылуы туралы шешім қабылдағанмен, күн өткен сайын оның іске асуының аясы тарылады. Ал империяның езілген халықтарының ұлттық автономиясын ресми түрде бекітіп береді деп үміттенген Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын, большевиктер 1918 жылдың қаңтар айының басында таратып жібереді [18, 348 б.]. Осыдан кейін «Улуг Туркестан» газеті съезд делегаттары қабылдаған қаулының мәтінін жариялайды: «1) Сырдария облысында басқа облыстардағы сияқты милиция тоқтаусыз құрылсын. 2) Осыны іске асыру Түркістан Уақытша үкіметіне һәм облыс, уездердегі қазақ-қырғыз ұйымдарына тапсырылсын. 3) Сырдария облысында милиция жасау ретіне Орынбордағы жалпықазақ съезінің милиция жасау жобасы қолданылсын» [33]. Қоса кетерлігі, бұл съезде «Алаш автономиясының Бас Ордасы Түркістан шаһарында болсын» деген ұсыныс та болған [36, 108 б.].

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын таратқаннан кейін большевиктер Ресейдің орталық аудандарында, сондай-ақ Еділ мен Жайық өңіріндегі ұлттық-демократиялық баспасөздерге қысым көрсетті, сөйтіп олардың біртіндеп жабылуын тездетті. Айталық, Орынбордан шығып тұрған «Вакыт» газеті 1918 жылғы 26 қаңтарда өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Көп ұзамай, «Кояш», «Тормыш», «Йолдыз» секілді газеттердің редакциялары да жабылады. Олардың орнына социал-демократиялық бағыттағы советтік баспасөздер пайда болды. Бұлар большевиктердің саясатын жақтап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Мысалы, «Чулпан» газеті 1918 жылдың көктемінде Халық комиссарлар советінің Татар-Башқұрт Советтік Республикасын құру туралы шешім қабылдағанын айта келіп, ендігі жерде Г. Исхаки секілді қайраткерлердің ұлттық автономия құру жолындағы күресі бос әурешілік деп көрсетті. Бұдан Шығыс

елдерінің басқа да халықтары тәлім алуы керектігін алға тартты [37]. Осы кезеңде татар баспасөзінің арасында Ташкентте әрекет етуін әлі де тоқтатпаған «Улуг Туркестан» газеті ғана Түркістан өлкесінде орын алған саяси оқиғалардың даму барысын жалпы түркі-мұсылман халықтарының мүддесі тұрғысынан көрсетуге тырысты. Мұны 1918 жылдың 26 ақпанында «Қоқаннан хат» [38], 30 мамырда «Қоқанда болған оқиға» деген атаумен шыққан мақалалардан байқауға болады [39].

«Улуг Туркестан» газетіне шыққан материалдарда Ташкенттегі Халық комиссарлар кеңесінің Түркістан автономиясын күшпен тарату кезінде жергілікті халықты аяусыз қырғынға ұшыратқаны, оларға әртүрлі зорлық-зомбылық көрсеткені туралы жазылды. Мысалы, «Қоқанда болған оқиға» деген мақалада 1918 жылғы ақпан айында Қоқан қаласын басып алу кезінде совет әскерлері және дашнақ армяндардан құралған жасақтар қаланың 11 мыңға жуық тұрғынын өлтірген, 19 медресе, 37 мешіттің тас-талқанын шығарған, қаланы қанға бояған. Осы қанды қырғын оқиғасына байланысты «Улуг Туркестан» газеті «советтік биліктің бұл әрекеті халықты әбден шошындырды» - деп жазды [39].

1918 жылғы 1 наурызда Түркістан Халық комиссарлар кеңесі «Қоқан автономиясы» үкіметінің жетекшілерінің қызметін заңнан тыс деп жариялап, олардың мүлкін тәркілеуге кірісті. «Шуро-и-Ислам» және «Шуро-и-улема» сияқты ұйымдар таратылды [19, 151 б.]. Осы оқиғадан кейін «Улуг Туркестан» газеті 7 наурыздағы санында түркістандықтарға арналған мәлімдеме жариялады. Онда «Түркістан мұсылмандары үміт артқан Ұлттық мәжіліс пен Түркістан үкіметі таратылды... Қоқанда большевик пен мұсылмандардың арасына үшінші бір күш от тастап, дұшпандықты қоздыруға әрекет етіп жатқан сияқты. Бірде - бір мұсылман дүниеге қызығып, ешкімге тиіспеген және өзіне қарсы біреулерді тиістірмейді. Түркістандағы мұсылмандар орыс, еврей және украиндармен күш біріктіруге тырысады. Соған қарамастан, кейбіреулер мұсылмандар мен еуропалықтардың арасына от тастамақ ниетте. Мұны Ташкенттегі кейбіреулердің әрекеттерінен байқауға болады... Бұл жағдайда кез келген қара ниетті адам жеке басының мүддесі үшін қанды оқиғаны туғызуы мүмкін. Мұсылмандар ондайлар арандатушылыққа түсіп қалмауы керек» [39]. Осындай мазмұндағы үндеудің астарынан Түркістан халықтарының алдағы уақытта бейбіт өмір сүруін қолдау, сонымен қатар советтік билікке деген мойынсұнушылық та көрініс береді. Түркістан өлкесінде совет үкіметі орнаған кезеңдегі баспасөздің осы ұстанымына қарамастан, «Улуг Туркестан» газетіне қысым жасалды. Нәтижесінде аталған басылым 1918 жылдың мамыр айында өз жұмысын тоқтатты.

XX ғасырдың басындағы мұсылмандық қозғалыстың үлкен жетістігі - түркі халықтарының өз тілдерінде шығатын баспасөздердің дамуы болды. Елдегі түбегейлі саяси өзгерістерден кейін, тек татар тілінде 50-ден астам басылым жарық көрген. Осы баспасөз беттерінде түркі бірлігі мәселелеріне, түркі халықтарының мұң-мұқтажы мен талап-тілектеріне, сондай-ақ патшалық биліктің бұл халықтарға жүргізген отарлау саясатының мәнін ашатын мақалалар мен түрлі материалдар жарияланды [40, 352 б.]

Қорытынды

Тұжырымдай келе, мерзімді татар баспасөзі Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың ұлт-азаттық жолындағы күрес тарихы бойынша, әсіресе Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы мәселелерін объективті тұрғыдан зерттеуде құнды дереккөзі болып табылады. Солардың ішінде «Улуг Туркестан» газетіндегі деректік материалдарды игеру - елдің тарихи санасын оден әрі жетілдіруге септігін тигізеді.

Ал социал-демократиялық бағыттағы «Аваз», «Безнең юл», «Чулпан», «Көрәш», «Ирек» және тағы басқа да татар тіліндегі газеттер 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін советтік биліктің ұстанымдарын насихаттайтын большевиктік басылымдарға айналды. Осылайша татар, башқұрт, әзірбайжан, қазақ, қырғыз және басқа да мұсылман халықтарының күнделікті өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты ұлттық мәселелер екінші кезекке ығыстырылды. Егер бұл мәселелер көтерілген жағдайда, жұмысшылар мен шаруалар, пролетариат диктатурасы, большевиктер құрып жатқан таптық қоғамды дәріптеуге басымдық берілді. Большевиктік ұстанымда жарияланған материалдар сол дәуірдің шындығын толық ашып көрсетеді деп айтуға болмайды. Сондықтан бұл бағыттағы баспасаөз материалдарын ғылыми айналымға енгізгенде, ұлттық-демократиялық баспасаөздің деректік материалдарымен салыстыра отырып қолданыс аясына енгізу қажет.

Авторлардың қосқан үлесі.

Ильясова К.М. – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

Еңсепов А.Ә. – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы;

Еспенбетова А.Т. – талдау және статистикалық деректермен жұмыс.

Әдебиеттер тізімі

1. Татарская периодическая печать: Научно-энциклопедическое издание. Доступно по ссылке: tatarica.org/ru/razdely/sredstva-massovoj-informacii/periodicheskie-izdaniya/vakyt (дата обращения: 12 сентября 2024 г.).
2. Рүстемов, С. (2006) «Улуг Туркестан». Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Бас ред. Б.Аяған. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, б. 704.
3. Петроградта большевиктер хкумати (1917), Улуг Туркестан, 11 ноябрь.
4. Горный, В.А. (1992) Национальный вопрос на перекрестке мнений. 20-е годы. Документы и материалы. Москва: Наука, с. 268.
5. Туктаров, Ф. (1917) Миллатчелик вә без, Корылтай, 5 ноябрь.
6. Куәт халыкта (1917), Ирек, 30 марта.
7. Кара халык, ак халык (1917), Ирек, 27 апреля.
8. Энциклопедия Tatarica. Доступно по ссылке: <http://tatarica.org/ru/razdely/sredstva-massovoj-informacii/periodicheskie-izdaniya/irek-1> (дата обращения: 12 сентября 2024 г.).
9. Вахитов, М. (1917) Кызыл байракты саклау, Кызыл байрак, 11 сентября.
10. Ибрагимов, Г. (1918) Яңи вакытта, Безнең юл, 29 января.
11. Вәлиев, Р.К. (2007) Өзелгән дога. Казан: Татар. кит. нәшр., б. 270.
12. Кемнәр кем өчен омтылады (1917), Аваз, 29 апреля.

13. Русие халықлары хак декларациясы (1917), Аваз, 24 декабрь.
14. Татарская энциклопедия. Доступно по ссылке: <http://www.ite.antat.ru/scince/index.shtml> (дата обращения: 25 сентября 2024 г.).
15. Вақытлы хукмат вә милләт (1917), Улуг Туркестан, 8 декабрь.
16. Ташкенте крестяндар съези (1917), Улуг Туркестан, 8 декабрь.
17. Нұрпейісов, К. (1995) Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, б. 256.
18. Қойгелдиев, М.Қ. (1995) Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, б. 368.
19. Есмағамбетов, К.Л. (2008) Әлем таныған тұлға (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). Алматы: Дайк-Пресс, б. 504.
20. Агзамходжаев, С. (2006) История Туркестанской автономии (Туркистон мухтоияти). Ташкент: Тошкент ислом унивеситети, с. 268.
21. Қуқанда халық Шүроси (1917), Улуг Туркестан, 8 декабрь.
22. Туркистон мухторияти (1917), Улуг Туркестан, 13 декабрь.
23. Андижанда мухторият намойши (1917), Улуг Туркестан, 16 декабрь.
24. Митинг (1917), Улуг Туркестан, 10 декабрь.
25. Ташкентте мухторият намойши (1917), Улуг Туркестан, 16 декабрь.
26. Мөселман эшче вә диқанлар съезди (1917), Улуг Туркестан, 4 январь.
27. Туркестан хкуматинин телегармми (1917), Улуг Туркестан, 20 декабрь.
28. Койлыкта мөселман съезди (1917), Улуг Туркестан, 28 январь.
29. Ташкент уезіндегі мұсылмандар съезі (1917), Бірлік туы, 18 январь.
30. Ташкент Думасинде (1917), Большевиктерден соң малумат, Улуг Туркестан. 10 декабрь.
31. Оренбург (1918), Вақыт, 21 январь.
32. Жалпы қазақ-қырғыз съезі (1918), Қазақ. 18 қаңтар.
33. Туркестанда Сырдария области казакларин съезди (1918), Улуг Туркестан, 17 январь.
34. Сырдария қазақ-қырғыздарының съезі (1918), Бірлік туы, 18 қаңтар.
35. Түркістан шаһарында Сырдария қазақ-қырғызының съезі (1917), Бірлік туы, 29 қаңтар.
36. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (2007). Алматы: «Ел-шежіре», б. 352.
37. Кукандтан хат (1917), Улуг Туркестан, 26 февраль.
38. Кукандта булган вакыйга (1917), Улуг Туркестан, 30 мая.
39. Бүгенги вазифа (1917), Улуг Туркестан, 7 марта.
40. Садвокасова, З.Т., Мұхатова, О.Х., Рүстемов, С.К., Маргулан, А.С., Бурханов, Б.Б. (2022) Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX-XX ғғ. басы). Алматы, б. 461.

К.М. Ильясова¹, А.А. Енсепов², А.Т. Еспенбетова³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

^{2,3}Университет Болашак, Кызылорда, Казахстан

Национально-освободительное движение в Туркестанском крае (по материалам татарской прессы)

Аннотация. Статья посвящена изучению национально-освободительного движения народов Туркестанского края в период двоевластия 1917 года на основе материалов татарской

прессы. В связи со сложившейся новой политической ситуацией, «Аваз» («Голос»), «Безнең юл» («Наш путь»), «Чулпан» («Утренняя звезда»), «Көрәш» («Борьба»), «Ирек» («Свобода») и другие социал-демократические издания на татарском, башкирском языках стали прессой, пропагандирующей позиции большевистской власти, в результате чего социальные явления и события из повседневной жизни татарского, башкирского и других тюрко-мусульманских народов остались незамеченными. Таким образом, пресса перешла к популяризации работы по созданию классового общества, основанного на союзе рабочих и крестьян. Поэтому при введении в научный оборот материалов из этих источников крайне важно рассматривать их в преемственности с материалами национальных периодических изданий, представляющих интересы тюрко-мусульманских народов Туркестанского края. Ведь содержание материалов в газетах на татарском языке, издающихся в Ташкенте и национальной периодической печати, опубликованных с такими ярлыками, как «флаг единства», «Алаш», перекликаются друг с другом. На страницах газеты освещались проблемы мусульманского населения Туркестанского края, их освободительная борьба за свободу и независимость, также общественно-политическая деятельность их лидеров.

Большевики, распустившие Всероссийский Курултай, укрепились в центральных районах России, в том числе в Волго-Уральском регионе. В связи с этим национально-демократические издания в этих регионах подвергаются угнетению и начинают закрываться. Так, газета «Вақыт», выходящая в Оренбурге, прекратила свою деятельность с начала 1918 года. Вскоре редакции таких газет, как «Кояш», «Тормыш», «Йолдыз» были закрыты советскими властями. Вместо них советская власть стала выпускать газеты социал-демократической направленности, таких как «Чулпан». Таким образом вытесняются национальные издания и агитационная работа осуществляется через прессу большевистской направленности. Газета «Чулпан» рекламировала, что весной 1918 года Совнаркомом было принято решение о Советской Татаро-Башкирской республике, и что теперь попытки таких национальных деятелей, как Г. Исхаки, на пути создания национальной автономии должны быть восприняты другими народами Востока как пустые хлопоты.

Судя по материалам татарской прессы, отражавшим общественно-политическую жизнь тюрко-мусульманских народов Туркестанского края, можно заметить, что ситуация в этом крае была сложной. В газетах и журналах описывался крах Российской империи в результате Октябрьской революции, за которым последовало установление однопартийной системы, основанной на угнетении населения по всей стране. Однако последующие события показали, что большевистская власть уничтожила прессы тюркоязычных народов, которые служили воле и интересам народа и вместо этого начали выпускать большое количество газет и журналов, агитирующих создание классового общества и партийных органов.

В качестве источников в работе были использованы газетные статьи начала прошлого века, изданные на татарском языке и труды исследователей, написанные о тюрко-мусульманском движении в целом.

Ключевые слова: татарская пресса, национально-освободительное движение, мусульмане, Туркестан, революция, большевики, советы, Учредительное собрание, съезды

K.M. Ilyassova¹, A.A. Yensepov², A.T. Espenbetova³

¹*L.N.Gumilyov Eurasian National University. Astana, Kazakhstan*

^{2,3}*Bolashak University. Kyzylorda, Kazakhstan*

The National Liberation Movement in the Turkestan Region (Based on the Materials of the Tatar Press)

Abstract. The article is devoted to the study of the national liberation movement of the peoples of the Turkestan region during the period of dual power in 1917 on the basis of materials from the Tatar press. In connection with the current new political situation, «Avaz» («Voice»), «Bezn yul» («Our Way»), «Chulpan» («Morning Star»), «Korash» («Struggle»), «Irek» («Freedom») and other social-democratic publications in Tatar and Bashkir languages have become a press promoting the positions of the Bolshevik government, as a result of which social phenomena and events from the daily life of the Tatar, Bashkir and other Turkic-Muslim peoples have gone unnoticed. Thus, the press moved on to popularize the work of creating a class society based on the union of workers and peasants. Therefore, when introducing materials from these sources into scientific circulation, it is extremely important to consider them in continuity with the materials of national periodicals representing the interests of the Turkic-Muslim peoples of the Turkestan region. After all, the contents of materials in newspapers issued in the Tatar language in Tashkent and in the national press, published with labels such as «Flag of Unity» and «Alash» echo each other. The newspaper's pages highlighted the problems of the Muslim population of the Turkestan region, their liberation struggle for freedom and independence, as well as the socio-political activities of their leaders.

The Bolsheviks, who dissolved the All-Russian Kuryltai, strengthened themselves in the central regions of Russia, including in the Volga-Ural region. In this regard, national democratic publications in these regions are being oppressed and are beginning to close down. Thus, the newspaper «Vakyt», published in Orenburg, ceased its activities first in 1918. Soon the editorial offices of such newspapers as «Koyash», «Tormysh», «Yoldyz» were closed by the Soviet authorities. Instead, the Soviet government began to publish newspapers of a social-democratic orientation, such as «Chulpan». Thus, national publications are being displaced and propaganda work is carried out through the Bolshevik-oriented press. The newspaper «Chulpan» advertised that in the spring of 1918, the Council of People's Commissars decided on the Soviet Tatar-Bashkir Republic, and that now the attempts of such national figures as G. Iskhaki on the way to creating national autonomy should be perceived by other peoples of the East as an empty hassle.

Judging by the materials of the Tatar press reflecting the socio-political life of the Turkic-Muslim peoples of the Turkestan region, it can be seen that the situation in this region was difficult. Newspapers and magazines described the collapse of the Russian Empire as a result of the October Revolution, followed by the establishment of a one-party system based on the oppression of the population throughout the country. However, subsequent events showed that the Bolshevik government destroyed the press of the Turkic-speaking peoples, which served the will and interests of the people and instead began to publish a large number of newspapers and magazines agitating for the creation of a class society and party organs.

Newspaper articles from the beginning of the last century published in the Tatar language and the works of researchers written about the Turkic-Muslim movement as a whole were used as sources in the work.

Keywords: tatar press, the national liberation movement, muslims, Turkestan, revolution, the bolsheviks, soviets, Constituent Assembly, congresses.

References

1. Tatarskaya periodicheskaya pechat': Nauchno-jenciklopedicheskoe izdanie. Dostupno po ssylke: tatarica.org/ru/razdely/sredstva-massovoj-informacii/periodicheskie-izdaniya/vakyt (data obrashheniya: 12 sentyabrya 2024 g.). [in Russian]
2. Rustemov, S. (2006) «Ulug Turkestan». Kazakstan. Ulttyk jenciklopediya. Bas red. B.Ayagan. Almaty: «Kazak jenciklopediyasynyn» Bas redakciyası, b. 704. [in Kazakh]
3. Petrogradta bol'sheviker hkumati (1917), Ulug Turkestan, 11 noyabrya. [in Russian]
4. Gornyy, V.A. (1992) Nacional'nyj vopros na perekrestke mnenij. 20-e gody. Dokumenty i materialy. Moskva: Nauka, s. 268. [in Russian]
5. Tuktarov, F. (1917) Millatchelik vә bez, Koryltaj, 5 noyabrya. [in Tatar]
6. Kuat halykta (1917), Irek, 30 marta. [in Tatar]
7. Kara halyk, ak halyk (1917), Irek, 27 aprelya. [in Tatar]
8. Jenciklopedija Tatarica. Dostupno po ssylke: <http://tatarica.org/ru/razdely/sredstva-massovoj-informacii/periodicheskie-izdaniya/irek-1> (data obrashheniya: 12 sentyabrya 2024 g.). [in Russian]
9. Vahitov, M. (1917) Kyzyl bajrakty saklau, Kyzyl bajrak, 11 sentyabrya. [in Tatar]
10. Ibragimov, G. (1918) Yani vakytta, Beznen yul, 29 yanvarya. [in Tatar]
11. Valiev, R.K. (2007) Ozelgan doga. Kazan: Tatar. kit. nashr., b. 270. [in Tatar]
12. Kemnar kem ochen omtylady (1917), Avaz, 29 aprelya. [in Tatar]
13. Rusie halyklary hak deklaraciya (1917), Avaz, 24 dekabrya. [in Tatar]
14. Tatarskaya jenciklopediya. Dostupno po ssylke: <http://www.ite.antat.ru/scince/index.shtml> (data obrashheniya: 25 sentyabrya 2024 g.). [in Russian]
15. Vakytly hukmat va millat (1917), Ulug Turkestan, 8 dekabrya. [in Tatar]
16. Tashkente kretyandar siezi (1917), Ulug Turkestan, 8 dekabrya. [in Tatar]
17. Nurpejsov, K. (1995) Alash ham Alashorda. Almaty: Atatek, b. 256. [in Kazakh]
18. Kojgeldiev, M.K. (1995) Alash kozgalysy. Almaty: Sanat, b. 368. [in Kazakh]
19. Esmagambetov, K.L. (2008) Alem tanygan tulga (M.Shokajdyn duniyanymy zhane kajratkerlik bolmysy). Almaty: Dajk-Press, b. 504. [in Kazakh]
20. Agzamhodzhaev, S. (2006) Istoriya Turkestanskoy avtonomii (Turkiston muhojijati). Tashkent: Toshkent islom univesiteti, s. 268. [in Russian]
21. Kukanda halyk Shurosi (1917), Ulug Turkestan, 8 dekabrya. [in Tatar]
22. Turkistan muhtorijati (1917), Ulug Turkestan, 13 dekabrya. [in Tatar]
23. Andizhanda muhtoriyat namojshi (1917), Ulug Turkestan, 16 dekabrya. [in Tatar]
24. Miting (1917), Ulug Turkestan, 10 dekabrya. [in Tatar]
25. Tashkentte muhtoriyat namojshi (1917), Ulug Turkestan, 16 dekabrya. [in Tatar]
26. Moselman jeshche vә dikanlar siezdi (1917), Ulug Turkestan, 4 yanvarya. [in Tatar]
27. Turkestan hkumatinin telegarmmi (1917), Ulug Turkestan, 20 dekabrya. [in Tatar]
28. Kojlykta moselman siezdi (1917), Ulug Turkestan, 28 yanvarya. [in Tatar]
29. Tashkent uezindegi musulmandar siezi (1917), Birlik tuy, 18 yanvarya. [in Tatar]

30. Tashkent Dumasinde (1917), Bol'shevikterden son malumat, Ulug Turkestan. 10 dekabrya. [in Tatar]
31. Orenburg (1918), Vakyt, 21 yanvary. [in Tatar]
32. Zhalpy kazak-kyrgyz siezi (1918), Kazak. 18 kantar. [in Kazakh]
33. Turkestanda Syrdariya oblasti kazaklarin siezdi (1918), Ulug Turkestan, 17 yanvary. [in Tatar]
34. Syrdariya kazak-kyrgyzdarynyn siezi (1918), Birlik tuy, 18 kantar. [in Kazakh]
35. Turkistan shaharynda Syrdariya kazak-kyrgyzynyn siezi (1917), Birlik tuy, 29 kantar. [in Kazakh]
36. Kazak ult-azattyр kozgalysy (2007). Almaty: «El-shezhire», b. 352. [in Kazakh]
37. Kukandtan hat (1917), Ulug Turkestan, 26 fevralya. [in Tatar]
38. Kukandta bulgan vakyja (1917), Ulug Turkestan, 30 maya. [in Tatar]
39. Byngeni vazifa (1917), Ulug Turkestan, 7 marta. [in Tatar]
40. Sadvokasova, Z.T., Muhatova, O.H., Rustemov, S.K., Margulan, A.S., Burhanov, B.B. (2022) Kazakstandagy musylman zhane pravoslavie missionerleri: kyzmeti men natizheleri (XIX – XX ғғ. basy). Almaty, b. 461. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Ильясова К.М. – хат-хабарға жауапты автор, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Енсепов А.А. – тарих ғылымдарының кандидаты, Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Еспенбетова А.Т. – тарих ғылымдарының кандидаты, Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Ильясова К.М. – автор для корреспонденции, кандидат исторический наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Енсепов А.А. – кандидат исторический наук, Университет Болашақ, Кызылорда, Казахстан.

Еспенбетова А.Т. – кандидат исторический наук, Университет Болашақ, Кызылорда, Казахстан.

Ilyassova K.M. – Corresponding author, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana, Kazakhstan.

Ensepov A.A. – Candidate of Historical Sciences, Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan.

Espenbetova A.T. – Candidate of Historical Sciences, Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).